



Nur Qorghaljun

НҰР-ҚОРҒАЛЖЫН



ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

Аудандық газет 1928 жылдан
бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газет 2012 жылдың 1 маусымынан бастап шығарылады

№ 43 (635) БЕЙСЕНБІ 9 ҚЫРКҮЙЕК 2021 ЖЫЛ

||

Большое значение имеет работа по снижению уровня стрессовых активнов. Мы приняли решение: государство не должно помогать банкирам. Вместе с тем, замороженные активы нужно возвращать в экономический оборот. Но исключительно на рыночной основе. Для этого нужна законодательная база. Правительству совместно с агентством по финансовому регулированию следует до конца года внести законопроект в парламент



ИЗ ПОСЛАНИЯ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА
К.ТОКАЕВА 1 СЕНТЯБРЯ 2021

Қорғалжын ауданы бойынша 3607 адам вакцина алды

Бүгінгі таңда Қорғалжын ауданындағы вакцина алуға жататын 3716 тұрғынның 3607 азамат вакцинаның 1 компонентімен егілді, бұл 97,6% құрайды. Ал 2 компонентпен егілгендер саны 2875 яғни 77,3%. Алдымыздағы апта көрсеткіші бойынша күніне 20-25 адам екпе алса, осы аптада 15-20 адам вакцина лауға келген. Ендігі кезекте ауданымыздың 109 азаматы екпе алатын болса, вакцинациялану межесі аудан бойынша толық орындалатын болады. Барлық статистикалық ақпаратты ауданның орталық ауруханасы беріп отыр.

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның кеселі

Қазіргі кезеңде сыбайлас жемқорлықпен күрес қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі.

Осыған орай мемлекет тарапынан осынау қауіпті кеселдің алдын алу мен оны болдырмау жөнінде нақты шаралар жүзеге асырылуда. ҚР тұңғыш президенті елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Елбасымыз «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру – аса маңызды міндет екендігін атап көрсетті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы табысты әрекет оның алдын алуға бейімделген стратегия болғанда ғана мүмкін. Сондықтан, осы мәселені шешуде мемлекет пен қоғамның күш салуын біріктіруге аса көңіл бөлінуде. Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылық дерегі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдескен адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылатынын және құқық қорғау органдарының немесе соттың сұратуы бойынша заңда белгіленген тәртіппен ғана табыс етілетінін әрбір адам білуі қажет. Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылық орын алған жағдайды хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдескен адам мемлекеттің қорғауында болады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу - мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы, осы кеселге қатаң бағытталған мемлекеттік бағдарлама жоғары деңгейдегі жауаптылықпен іске асырылуы тиіс.

Қорғалжын аудандық қазынашылық басқармасы

Аудандық ардагерлер кеңесінің конференциясы өтті

Қазақ халқының менталитеніне қанымен сіңген қасиеті ол үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетудің нағыз эталоны. Бабаларымыз ежелден атаның өсиеті, әкенің ақылы деген қағиданы қатаң сақтанады. Әр ауылдың өзінің арнайы ақсақалдар кеңесі болған. Сол ата қасиет күні бүгінге дейін сақталып отыр.

Бүгінде еліміздің ардагерлер мен ақсақалдар кеңесінің құрылғанына отызжылдан артық уақыт болды. Ал, Қорғалжын ауданының алқасалдар алқасына биыл отыз жыл толғалы отыр. Сол себепті, бүгін Қорғалжын аудандық мәдениет үйінде аудан әкімі Берік Жанбаевтың, аудандық мәслихат хатшысы Берік Рыспаев мырзалардың және аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Төлеухан Мұқанов ақсақалдың бастамасымен кеңестің тоғызыншы конференциясы өтті. Конференцияға ауданның әр ауылынан келген ақсақалдар мен ауыл әкімдері қатысты. Жиында ақсақалдар кеңесінің төрағасы Төлеухан Мұқановты залға жиналған ақсақалдар қауымы бірауыздан



қайта сайлады. Сонымен қатар, абыз аталарымыз өздерін мазалап жүрген, ауданның дамуында маңызды рөл атқаратын сұрақтар қойып, жарыссөзге қатысты. Аудан әкімі Берік

Амантайұлы алдағы уақытта ақсақалдарымыздың жұмыс тәжірибесін ескере отырып, бірқатар мәселелер шешу жолында ақсақалдардың кеңесіне құлақ түретінін жеткізді.

Ақмола облысында коронавирус бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақтануда

Аймақтағы эпидемиологиялық жағдай біртіндеп тұрақтануда. Бүгінгі таңда 814 науқас өткен аптамен салыстырғанда 20% - ға азайды, деп хабарлайды ішкі саясат басқармасы.

Денсаулық сақтау басқармасының ақпараты бойынша, реанимациядағы науқастар саны 14% - ға азайды. Жалпы жұқтырғандардың ішінде 12035 жағдай коронавирустық инфекция өздігінен жүгінген кезде анықталды.

"Коронавирустық инфекциямен ауыратын науқастарға стационарлық медициналық көмекті 23 медициналық ұйым көрсетеді. Коронавирустық ин-



фекцияны жұқтыру қаупін азайту мақсатында әртүрлі патологиясы бар науқастарға қашықтықтан кеңес беру ұйымдастырылды.



Барлығы қашықтықтан кеңес беру-13 051. Науқастардың диспансерлік топтары үшін 150 мобильді бригада құрылды", - деп атап өтті денсаулық сақтау басқармасының басшысы Нариман Сыздықов.

Өңірде вакцинация науқаны жалғасуда. Бүгінгі таңда бірінші компонент 64,4% және екінші компонент - 53,8% егілді.

Облыста "Спутник V", "QazVak", "Hayatvax", "CoronaVak" және "vero Cell" вакциналарынан басқа,

өңірге 24000 доза келіп түскен "QazVak" вакцинасын да егуге болады. Вакцинаға разнарядка дайындалды, енді ол облыстың медициналық ұйымдарына тасымалданады.

Айта кетейік, өңірде 133 егу пункті, 135 мобильді бригада жұмыс істейді. Вакцинацияға 564 медицина қызметкері жұмылдырылды. Сонымен қатар, вакцинация науқанына 11 жылжымалы медициналық кешен қатысады.

**Барлық мекеме басшыларына
Жеке бөлім басшыларына
Ауылдық округ әкімдеріне**

«Қазақстанда әркім маңызды!» - «В Казахстане каждый важен!» - осындай ұранмен ағымдағы жылда Қазақстан Республикасы халығының ұлттық санағын өткізу жоспарланған.

Қағаз санақ парақтарынан бас тарту және кәзіргі ақпараттық технологияларды пайдалану - бұл алдағы Қазақстан халығының санағын өткізу кезіндегі негізгі жаңа құбылыс.

Халық санағы келесі тәртіпте өтеді:

- ағымдағы жылғы 01 қыркүйек - 15 қазан - sanag.gov.kz сайтында on-line режимінде;

- 01 қазан - 30 қазан - жаппай аралау (интервьюерлермен халық туралы мәліметтер жинау).

Екі тәсілде де респондентте санақ парақтарының сұрақтарына өз үшін және үй шаруашылығының барлық мүшелері үшін жауап беруге мүмкіндік болады.

Бүгінгі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, ағымдағы жылғы 10 қыркүйекке дейін Сіз басқарып отырған мемлекеттік органының барлық қызметкерлері on-line санағымен қамтылу қажет (отбасы мүшелерін қоса алғанда).

Атқарылған жұмыс туралы ақпаратты Қорғалжын ауданы статистика басқармасына ұсыну қажет.

Қосымша 1 парақ.

Ғ.С.Мұхамедди

Анықтама үшін телефон нөмірі:

8-716-37-2-18-37

Эл. адрес:

V.Kibaldina@aspire.gov.kz

Қосымша

	Жоспар бойынша	Нақты	Ескертпе
Штаттық кестеге сәйкес қызметкерлер саны, адам			
Қызметкерлер отбасыларының саны, адам			
Барлығы			

**Елімізде екінші рет Президенттік жастар
кадр резерві жасақталады.**

Бұл жоба қоғам мүдделерін басшылыққа алатын жас таланттардың кәсіби әлеуетін іске асыруға, мансаптық ілгерілетуге үлкен мүмкіндік береді.

Кандидаттардың құжаттарын қабылдау 2021 жылғы 30 қыркүйекке дейін жүргізіледі.

Кандидаттарға қойылатын басты талаптар:

- Жасы 35-тен жоғары болмауы тиіс
- Жоғары білімі болуы тиіс
- Жұмыс өтілі кем дегенде 5 жылды құрауы тиіс
- Қазақстан Республикасының азаматы болуы тиіс

Іріктеуге қатысу үшін QazTest (offline) немесе Qazaq Resmı Test (online) тапсыру қажет. Тестілеу нәтижесі бойынша қазақ тілін білу деңгейі кем дегенде B1 (орта деңгейден кем емес) болуы шарт.

Іріктеудің басым көпшілік кезеңдері онлайн форматта өткізіледі.

Резервке кірген тұлғалар түрлі мемлекеттік лауазымдарға, «А» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына және «Б» корпусының басшылық лауазымдарына тағайындалуы мүмкін.

Резервтің құрамында болу мерзімі 3 жылды құрайды.

**В Казахстане проводится очередной отбор
в Президентский молодежный кадровый резерв.**

Данный проект открывает большие карьерные возможности для молодых талантов, которые в первую очередь руководствуются общественными интересами.

Прием документов кандидатов проводится до 30 сентября 2021 года.

Основные требования:

- Возраст: не старше 35 лет
- Наличие высшего образования
- Стаж работы не менее 5 лет
- Гражданство Республики Казахстан

Для участия в отборе необходимо сдать тестирование QazTest (offline) либо Qazaq Resmı Test (online). Уровень владения государственным языком должен составлять не менее уровня B1 (не ниже среднего уровня).

Большинство этапов пройдут в режиме онлайн.

Толығырақ ақпаратты pkrezerv.gov.kz сайтынан алуға болады.

Елімізді өркендетуісіне араласатын таңдаулы жастардың қатарына қосылу – зор мәртебе.

Сондықтан барлық бақ сынаймын деуші жастарға сәттілік тілейміз!

Консультация: 8 716 2 51 81 32.

#ПрезиденттікЖастарКадрРезерві
#ПЖКР2021 #кадррезерві
#кадррезерві2021
#ПрезидентскийМолодежныйкадровыйрезерв
#ПМКР2021 #кадровыйрезерв #кадровыйрезерв2021

Лица, вошедшие в Резерв могут быть назначены на различные государственные должности, административные государственные должности корпуса «А» и руководящие должности корпуса «Б».

Срок пребывания в Резерве составляет 3 года.

Дополнительную информацию можно получить на сайте pkrezerv.gov.kz. Желаем удачи всем кандидатам!

Консультация: 8 716 2 51 81 32.

#ПрезиденттікЖастарКадрРезерві
#ПЖКР2021 #кадррезерві
#кадррезерві2021
#ПрезидентскийМолодежныйкадровыйрезерв
#ПМКР2021 #кадровыйрезерв #кадровыйрезерв2021

СОТ ЗАЛЫНАН!

Қорғалжын аудандық соты әкімшілік қамаққа алу түрінде жаза тағайындады

Ақмола облысының Қорғалжын аудандық сотында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің 608-бабының 1-бөлігімен көлік жүргізушіге қатысты әкімшілік іс қаралды.



Сот анықтағандай, азамат Д. Қазақстан Республикасының жол жүрісі қағидасының 2 бөлімі 4 тармағы 2 тармақшасының талаптарын бұзып Қорғалжын ауданының Қорғалжын ауылының Е.Дүйсенбаев көшесінің алкогольдік масаң күйде басқарған, яғни ӘҚБтК-нің 608-бабының 1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған.

Сот қаулысымен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Респуб-

ликасы Кодексінің 608-бабының 1-бөлігімен («Жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік және масаң күйде басқаруы») әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін азамат Д. кінәлі деп танылып, 15 (он бес) тәулікке қамаққа алынып сонымен қатар жеті жылға көлік құралдарын басқару құқығынан айыру түрінде жаза тағайындалды.

Қорғалжын аудандық сотының жетекші маманы Нурбекқызы Ляззат

Ақмола облысы Қорғалжын аудандық сотында «Өрт қауіпсіздігі тақырыбында» семинар сабақ өткізілді

Баяндаушы семинар сабақ барысында Қорғалжын аудандық сотының аға сот приставы Қ.Қауазбеков өрт қауіпсіздігі және өрттің алдын алу шаралары бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Өрт қауіпсіздігі – бұл өрт болу мүмкіндігін болдырмау және оның пайда болған кезінде адамдарға, құрылыс және материалдық құндылықтарға өрттің қауіпті факторларының жағымсыз әсерлерін жою үшін қажетті шараларды қолдану болып саналады. Өрт қауіпсіздігі өрттің алдын алу шаралары мен белсенді өрт қорғанысымен қамтамасыз етіледі. Өрт профилактикасы болып өртті болдырмау немесе оның салдарларын азайтуға бағытталған іс-шаралардың кешені саналады.

Өрттің техникалық шараларына мыналар кіреді:

- өмірге қажетті жүйелерді (жылу, жарықтандыру, вентиляция т.б.) орнатқан кездерде өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтау;
- құрал – жабдықтар жұмысын тәртібі мен технологиялық процестер параметрлерін сақтау;
- әртүрлі қорғану жүйелерін пайдалану.



Егер өрт қатты жанып тұрса, онда сіздің негізгі мақсатыңыз тез бөлмеден шығу. Егер өрт қатты жанып тұрмаса да, бірақ үйдің іші қатты түтін болса, үйден тез шығу керек. Себебі түтін өрттен де қауіпті болады. Кез келген шүберекті сулап, ауызыңыз бен мұрыныңызды жауып, еңкейіп (өйткені түтін жоғарыға ұмтылады) бөлмеден кетіңіз.

Өрт сөндіру заттары ретінде су, құм, ұнтақтар, инертті газдар,булар қолданылады.

Өрт және жану оқиғасы болған кезде тез арада телефон арқылы «101», «112»-ге хабарласу керек екенін баяндады.

Іс-шара соңында қойылған сұрақтарға толықтай жауаптар берілді.

Қорғалжын аудандық сотының жетекші маманы Нурбекқызы Ляззат

Ақмола облысы аудандарының бірінде жаңа балабақша ашылды

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Аршалы ауданының Волгодоновка ауылында "Ертөстік" жаңа балабақшасы өз есігін айқара ашты, деп хабарлайды ішкі саясат басқармасы.

Аудан әкімдігінің баспасөз қызметінен атап өткендей, мектепке дейінгі мекеме мемлекеттік-жеке меншік әріптестік аясында жөнделіп, 70 орынға есептелген.

"Балабақша барлық заманауи және нормативтік талаптарға сай. Тәрбиеленушілер үшін жайлы тұру жағдайлары жасалған: жайлы жатын және топтық бөлмелер, балалар жиһазының қызықты конструкциялары, әртүрлі ойын, дидактикалық материалдар. Қабылдау бөлмесінде ыңғайлы киім кабиналары орнатылған. Балабақшаның ашылуы Волгодоновка ауылында балаларды мектепке дейінгі тәрбиелену және оқытумен қамту көрсеткішін 100%-ға жеткізуге мүмкіндік берді", - деп хабарлады әкімдіктен.

Ауыл тұрғындары мектепке дейінгі ұйымның ашылуы туралы жаңалықты

ықыласпен қабылдады.

"Біз бұл оқиғаға өте қуаныштымыз. Балабақшада біздің балаларымызға қажет нәрсенің бәрі бар. Аудан басшылығына және меценаттарға осындай сыйлық үшін алғысымды білдіремін", - деді жергілікті тұрғын Жұмағыз Алиева.

Бұл кішкентай аршалықтарға есігін айқара ашқан жалғыз мекеме емес. Жақында ауданда Қостомар және Жібек жолы ауылдарында балабақшалар ашылды.

Бүгінгі таңда облыста 598 мектепке дейінгі ұйым, оның ішінде 250 балабақша мен 348 шағын орталық жұмыс істейді. Осы жылдың басынан бастап 236 орындық 5 мектепке дейінгі ұйым ашылды және 131 орынға 5 мектепке дейінгі ұйым кеңейтілді.

Қорғалжын ауданында облыстық ұлттық ойындар сайысы өтті

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Қажымұқан Мұңайтпасовтың 150 жылдығына арналған спорттық шаралар еліміздің барлық өңірлерінде басталып кетті.



Жалпы, Қажымұқан Мұңайтпасұлын ұлықтауға арналған шаралар елімізде тұрақты түрде өткізіліп келеді. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп қазақ күресінен

балуанды еске алуға арналған жастар арасында дәстүрлі спорттық турнирлерді жыл сайын ұйымдастырады.

Қорғалжын ауданы да осындай игі шарадан тыс қалмай, аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымында Ақмола облыстық қазақ ұлттық ойындар сайысы басталды. Жастар орталығының сайысты өткізудегі мақсаты салауатты өмір салтын сақтау және жас ұрпаққа өнегелі тәрбие беру. Жастардың бойында патриоттық сезімді

күшейту, спортшылардың шеберлігін арттыру, рухани тәрбие мен тарихи тұлғаларға деген құрметті айқындай түсу.

Бүгін Қорғалжын аудандық Мәдениет үйінде бастау алған жарыста Қорғалжын ауданы әкімінің орынбасары Дарын Сабырғали сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Жарыс ұлттық спорттың арқан тартыс, асық ату, қазақ күресі, тоғыз құмалақ сынды түрлерінен өтті. Жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен жүделер табысталды.

#Qazaqstan30
#Akmola30



Қоқыс жағу – өрттің пайда болуының қауіпі

Көктем кезеңінде елді мекендердің аумақтарында құрғақ шөптер мен қоқыстардың жағу жағдайлары айтарлықтай көбейді. Ішінара осындай жағдайлар қоқыстарды жинау және жағу кезінде талаптарды бұзу салдарынан туындайды. Қоқыстарды жағу кезінде бастапқы өрт сөндіру құралдарын (өрт сөндіргіштер, ыдысқа құйылған су, күрек және т.б.) дайындағаннан кейін кезкелген ғимараттардан, құрылымдардан және сақталатын материалдардан 50 метр ара қашықтықты сақтап желсіз ауа-райында, ашық аумақта ғана рұқсат етіледі. Қоқыс жағылатын алаң құрғақ шөптерден және жапырақтардан тазартылуы тиіс. Қоқысты жағу күндізгі уақытта үнемі бақылауда жа-

салуы керек. Қоқысты жаққаннан кейінгі отты сумен жақсылап құйып сөндіру керек. Сөндірілмеген отты қараусыз қалдыруға тыйым салынады.

Көптеген азаматтар үшін аула алдында жиналған қоқысты үйіндіге апарғаннан гөрі, жаққан оңай. Бірақ, қоқысты жағу кезіндегі абайсыздықпен немқұрайлылық үлкен зиян алып келуі мүмкін.

Жоғарыдағы көрсетілген өрт қауіпсіздік ережесінің талаптарын сақтамаған жағдайда Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқықбұзушылықтары туралы» Кодексі бойынша әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Қорғалжын ауданының ТЖБ

Ақмола облыстық кітапханасында қазақ тілін оқыту курстары ашылды

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Қазақстан халқы тілдері күніне арналған онкүндік аясында Мағжан Жұмабаев атындағы Ақмола облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында қазақ тілін оқыту курстарының салтанатты ашылуы өтті, деп хабарлайды ішкі саясат басқармасы.

Ақмола облысы ішкі саясат басқармасының басшысы Алтынай Әміренова өзінің құттықтау сөзінде барлық жиналғандарды қазақ тілі курсының ашылуымен құттықтады.

«Тілдер онкүндігі аясында облыстың барлық мемлекеттік мекемелері мен ұйымдарында мемлекеттік тілді насихаттауға бағытталған түрлі іс-шаралар өткізілуде. Міне, бүгін біз осындай тағы бір маңызды іс-шараның ұйымдастырылуына куә болдық. Барлық тыңдаушыларға сәттілік тілеймін», - деді Алтынай Әміренова.

Облыстық кітапхананың директоры Құдайберлі Мырзабек атап өткендей, мекеме қызметкерлері үшін сабақтар күн сайын жұмыс күндері бір сағат бойы өткізіледі.

Курсқа тілді меңгеру жасына және деңгейіне қарамастан, кез келген адам қатыса алады.

Шара барысында қатысушылар Қазақстан халқы тілдері күніне арнайы ұйымдастырылған «Менің тілім-менің Тәуелсіздігім. Тіл мен Тәуелсіздік егіз ұғым. My Language is My Independence» атты кітап көрмесімен танысты.

Кездесу соңында барлық курстың даушыларына естелік ретінде оқу құралдары табыс етілді.

Айта кетейік, өңірде Қазақстан халқы тілдерінің онкүндігі аясында екі мыңға жуық іс-шара өткізіледі. Олардың қатарында конкурстар, акциялар, викториналар, айтыстар, көрмелер, дөңгелек үстелдер, онлайн форматтағы түрлі іс-шаралар бар.

Вакцинация от коронавируса: что нужно знать

Граждане всего мира хотят навсегда защититься от коронавирусной инфекции и вернуться к привычной доковидной жизни, однако многие опасаются прививаться из страха перед нежелательными эффектами вакцинации. Почему они возникают и что с этим делать? На эти и другие вопросы мы попросили ответить заместителя главного врача СМГБ по лечебной части Одильхана Шеримова.

- Одильхан Муратханович, еще раз в нескольких словах расскажите как же «работает» вакцина от COVID-19?

- Сегодня в мире используется несколько иммунопрепаратов, разработанных специалистами разных стран и прошедших необходимые клинические испытания. Все они предназначены для формирования иммунитета к возбудителю COVID-19. После их введения иммунная система без труда распознает возбудителя инфекции, начинает производить антитела-белки для борьбы с заболеванием, «запоминает» возбудителя и, если он снова попадает в организм, быстро уничтожает его, не допуская развития болезни. В организме человека, прошедшего вакцинацию, формируется стойкий иммунитет к COVID.

- Чем опасна вакцинация?

- Каждый человек реагирует на вакцину-иммунопрепарат индивидуально. Поэтому даже самая качественная вакцина может вызвать побочные эффекты: незначительное повышение температуры, головную боль или головокружение, сбой сердечного ритма, кожные высыпания, слабость. Эти неприятные симптомы исчезают в течение нескольких дней.

Тяжелые состояния после введения вакцины могут развиваться у людей, имеющих 100-процентные противопоказания. К примеру, нельзя проводить вакцинацию при патологиях, так как прививка может спровоцировать обострение. Также противопоказанием является возраст (младше 18 и старше 65 лет), беременность, недавно перенесенная тяжелая форма коронавирусной инфекции. У переболевших людей в первое время после выздоровления отмечается высокий уровень антител, а вакцина повысит его еще больше.

- Что делать, чтобы уменьшить негативные проявления?

- Снизить развитие побочных явлений поможет соблюдение всех рекомендаций врача. Для того, чтобы уменьшить риск развития негативных симптомов после вакцинации, необходимо внимательно следить за своим самочувствием, до предполагаемой вакцинации избегать контактов с заболевшими, за 2 дня до прививки пройти обследование и сдать кровь на антитела, отказаться от иммуномодуляторов и иммуностимуляторов за 10 дней до введения вакцины, предупредить перед постановкой вакцины о приеме препаратов, которые стимулируют иммунитет.

При отсутствии противопоказаний и соблюдении всех требований, риск побочных эффектов сводится к минимуму.

После прививки от коронавируса также следует соблюдать щадящий трудовой режим и выпивать не менее 1,5 литров жидкости в день. При повышении температуры рекомендуется принять жаропонижающее средство. Если слабость не проходит в течение нескольких дней или появились аллергические реакции, нужно немедленно обратиться к доктору.

А тем, кто принципиально отказывается от прививки, хочу напомнить, что даже легкая форма COVID – это серьезный удар по организму. После вакцинации эти риски значительно снижаются. Но даже вакцинированным людям необходимо носить маску и перчатки, чтобы на 100% уберечь себя от заражения COVID-19. Антигены вырабатываются в течение 42 дней, и пациенту, получившему прививку, все это время стоит побережиться, так как он все еще будет уязвим к инфекции.

- Что такое чипирование вакциной от коронавируса?

- Это беспочвенные слухи, которые сегодня муссируются на просторах интернета и распространяются среди населения. На мой взгляд, это ничто иное, как обычный страх перед чем-то новым, неизведанным.

Новый вирус, который всего полтора года назад вторгся в нашу жизнь, еще до конца не изучен, и в такой ситуации людям трудно сохранять спокойствие. Многие аргументируют отказ от вакцинации боязнью заразиться, верят антиваксерам на слово и пересылают фейки дальше по цепочке. В результате из-за массированного потока негативной, а главное непроверенной и недоказанной информации о вакцинации, многие люди подвергают свою жизнь опасности, отказываясь от прививок. Сегодня задача любого разумного человека – анализировать всю поступающую информацию, чтобы принять правильное решение относительно вакцинации.

- Какова на сегодняшний день ситуация по заболеваемости в нашем регионе?

- На 7 сентября 2021 года в СМГБ в условиях стационара лечение от COVID-19 получают 65 человек. В интенсивной терапии находятся 6 человек, из них 2 детей (1 год и 13 лет) и одна беременная на сроке 20-21 неделя. Состояние у всех пациентов стабильное.

Я еще раз призываю всех наших граждан пройти вакцинацию. Не затягивайте с принятием решения, ведь организм еще должен успеть выработать иммунитет. Помните, что только массовая вакцинация может вернуть все общество к обычному образу жизни. Прививка – это возможность позаботиться о собственном здоровье и избежать тяжелых последствий болезни.

- Большое спасибо за беседу.

Конкурс өткізу туралы хабарландыру

Конкурсты ұйымдастырушы: Ақмола облысының кәсіпкері және өнеркәсіп басқармасы
Орналасқан жері: Көкшетау қ.,
пошталық мекенжайы: Көкшетау қ., Абай көш. 96; электрондық поштасы: depprom@aqmola.gov.kz; байланыс телефоны 87162240013, 240016, 240015

Конкурстың нысанасы: «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге, жас кәсіпкерлерге (өз бизнесін құруға) мемлекеттік гранттар беру.

Байқау түрі: ашық конкурс.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім беру орны: «QOLDAU» бизнеске арналған цифрлық платформа.

Конкурстық құжаттаманы ұсыну тәртібі: конкурсқа қатысу үшін үміткерлер көрсетілген мекенжай бойынша жеке өзі, пошта арқылы, электрондық нысанда «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы немесе өзінің өкілетті өкілі арқылы бекітілген нысан бойынша өтінімді және конкурстық құжаттаманың толық пакетін ұсынады.

Конкурстық құжаттаманы ұсыну мерзімі: 2021 ж. «1» қыркүйектен бастап 2021 ж. «15» қыркүйекке дейін жұмыс күндері сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін (жергілікті уақыт).

Өтінімдерді берудің басталу күні мен уақыты: 2021 ж. «1» қыркүйек сағат 10.00-ден бастап (жергілікті уақыт).

Өтінімдерді берудің аяқталу күні мен уақыты: 2021 ж. «15» қыркүйек сағат 13.00-ге дейін (жергілікті уақыт).

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайды.

Объявление о проведении конкурса

Организатор конкурса: Управление предпринимательства и промышленности Ақмолинской области

Местонахождение: г. Кокшетау;

почтовый адрес: г. Кокшетау, ул. Абая 96;

адрес электронной почты: depprom@aqmola.gov.kz; контактный телефон 87162240013, 240016, 240015

Предмет конкурса: представление начинающим предпринимателям, молодым предпринимателям государственных грантов (на создание собственного бизнеса) в рамках Государственной программы поддержки и развития бизнеса «Дорожная карта бизнеса-2025».

Форма конкурса: открытый конкурс.

Место подачи заявок для участия в конкурсе: Цифровая платформа для бизнеса «QOLDAU».

Порядок представления конкурсной документации: для участия в конкурсе претенденты представляют по указанному адресу лично, по почте, в электронной форме посредством веб-портала «электронного правительства» или через своего полномочного представителя заявку по утвержденной форме и полный пакет конкурсной документации.

Сроки представления конкурсной документации: с «1» сентября 2021 г. по «15» сентября 2021 г. в рабочие дни с 10 часов до 17 часов (время местное).

Дата и время начала подачи заявок: «1» сентября 2021 г. с 10 часов (время местное).

Дата и время окончания подачи заявок: «15» сентября 2021 г. до 13 часов (время местное).

Заявки, поступившие по истечении указанного срока, приему не подлежат.

В связи со смертью гражданина Ахметова Куана Майлыбаевича умершей 20 марта 2021 года, открылось наследство. Срок обращения наследников к нотариусу Саутовой С. М. до сентября 2021 года

Жастардың әлеуетін тиімді қолдану қажет

Елімізде мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту мақсатымен ауқымды реформалар жүзеге асырылуда. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында билік пен халық арасындағы өзара сенімді күшейтетін, мемлекетімізді одан әрі өркендетіп, азаматтардың әл-ауқатын арттыруды және тұрмыс сапасын жақсартуды көздейтін озық ойлы әрі бәсекеге қабілетті мамандар қажеттілігі өте зор.

Осыған орай, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес елімізде екінші рет Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу жүргізілетін болады. Бұл жобаның басты мақсаты – қоғам мүдделерін басшылыққа алатын және маңызы зор әрі тиімді реформаларды іске асыра алатын жас таланттардың әлеуетін іске асыру.

Резервке іріктеу барысын барынша ашық және әділ өткізу мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Жастар кадр резерві бойынша Ұлттық комиссиямен қабылданатын болады. Резервтің құрамына кірген маман 3 жыл ішінде мемлекеттік лауазымға тағайындалуға құқылы.

Өзінің келешегін күні бұрын ойлайтын мемлекет алдымен жас азаматтардың қабілет-қарымын шыңдап, тиісті дәрежеде көңіл бөлетіні түсінікті. Осындай жастарды мемлекеттік басқару аппаратына көбірек жұмылдыру қажет, себебі олардың ойлары ұшқыр, көзқарастары қалыптасқан, әлемдік тенденцияларды жақсы түсінеді. Президенттік жастар кадр резерві - жас буын өкілдерінің жауапты қызметке келуі үшін жасалып отырған игі бастама. Бұл жоғары лауазымды қызметке орналасу ғана емес, ұлт үшін, ел үшін, халық үшін аянбай тер төгу деген сөз. Бұл жобаның тиімділігін алғашқы іріктеуден байқауға болады. Резервке кірген 300 азаматтың ішінде 106 адам жеке сектордан, 98 адам квазимемлекеттік сектордан, 96 адам мемлекеттік қызмет жүйесінен болды. Бүгінгі таңда олардың 184-і немесе 60% жұмысқа тұрғызылып, еліміздің түрлі секторларында еңбек етуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында:

басқару, белсенділік сияқты қасиеттеріне баға беріледі.

Елі мен жерінің көркеюіне перзенттік үлесін қосатын таңдаулы жастардың қатарына кірем деуші азаматтардың құжаттарын қабылдау 1–30 қыркүйек аралығында арнайы rkrezerv.gov.kz онлайн-платформасында іске асырылатын болады. Резервке іріктеу туралы соңғы шешім Жастар кадр резерві бойынша Ұлттық комиссиямен қабылданатын болады. Резервтің құрамына кірген маман 3 жыл ішінде мемлекеттік лауазымға тағайындалуға құқылы. Өзінің келешегін күні бұрын ойлайтын мемлекет алдымен жас азаматтардың қабілет-қарымын шыңдап, тиісті дәрежеде көңіл бөлетіні түсінікті. Осындай жастарды мемлекеттік басқару аппаратына көбірек жұмылдыру қажет, себебі олардың ойлары ұшқыр, көзқарастары қалыптасқан, әлемдік тенденцияларды жақсы түсінеді.

Президенттік жастар кадр резерві - жас буын өкілдерінің жауапты қызметке келуі үшін жасалып отырған игі бастама. Бұл жоғары лауазымды қызметке орналасу ғана емес, ұлт үшін, ел үшін, халық үшін аянбай тер төгу деген сөз.

Бұл жобаның тиімділігін алғашқы іріктеуден байқауға болады. Резервке кірген 300 азаматтың ішінде 106 адам жеке сектордан, 98 адам квазимемлекеттік сектордан, 96 адам мемлекеттік қызмет жүйесінен болды. Бүгінгі таңда олардың 184-і немесе 60% жұмысқа тұрғызылып, еліміздің түрлі секторларында еңбек етуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында:



«Дарынды жастарды басшылардың жаңа буынын даярлауға барынша тартып жатырмыз. Менің бастамамен құрылған Президенттік кадр резерві – осының айқын дәлелі. Жобаның келесі кезеңінде қоғам мүддесіне адал көшбасшыларды іріктеуге ерекше назар аударамыз. Билік органдарындағы азаматтар, ең алдымен, ұлттық мүддеге берік болуға тиіс» деп атап өтті. Бұл сөзбен келіспеуге болмайды, себебі елімізге ұлттық мүддені терең сезінетін жастар керек.

Президент айтқандай, жастар – тың идеялардың қайнар көзі, оң өзгерістердің қозғаушы күші. Сондықтан өскелең ұрпақтың осындай әлеуетін дұрыс арнаға бағыттап, тиімді пайдалану қажет. Білімді әрі білікті жас мамандардың ортақ мүдде үшін топтасатын, ұлтты биікке жетелеп, жаңаша дамуға бастайтын маңызды әрі жауапты сәт келді...

БЕРГЕН БЕСПАЛИНОВ,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің басшысы,
Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы

Ақмола облысында дарынды балаларға арналған жаңа мектеп өз есігін ашты

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Щучинск қаласында ІТ мектеп-лицей базасында дарынды балаларға арналған "ІТ Білім-инновация-лицей" ашылды. Оқу орнында қазақ және орыс тілдерінде оқытатын 7-11 сынып аралығындағы 556 оқушы білім алатын болады, деп хабарлайды ішкі саясат басқармасы.

Білім басқармасының хабарлауынша, лицейдің білім беру бағдарламасының басты міндеті-ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді қолдану арқылы оқушылардың жеке, шығармашылық және зерттеу қабілеттерін дамыту.

"ІТ Білім-инновация" лицейі тәрбиеленушілерінің қарауында химия, биология және физика зертханалары, ІТ кабинеттері, робототехника кабинеттері, ал сабақтан тыс жұмыстар үшін домбыра, шахмат сыныптары, бассейн бар.

Жаңа оқу орнының ашылу салтанатына Ақмола облысы әкімінің орынбасары Айна Мысырәлімова

және "Білім-инновация" халықаралық қоғамдық қорының вице-президенті Ержан Әубәкіров қатысып, оқушылар мен педагогтарды лицейдің ашылуымен құттықтап, жаңа оқу жылына табыс тіледі.

"7-сыныпта тілдерді үйренуге бейімділік жасалады, 8-сыныпта балалар ІТ бағыт, робототехника, бағдарламалау және 3D модельдеу бойынша тақырыптарды оқиды. Әрі қарай, оқушы профильмен анықталады және зерттелгендердің ішінен өзі үшін бір нақты бағытты таңдайды. 10-11 сыныптарда оқушы таңдаған дайындық бағыты бойынша жобалармен жұмыс істейді және зерттеу қызметімен айналысады, со-

нымен қатар ІТ бағытты тереңдетіп зерттейді", - деді лицей директоры Айбек Досымбеков.

Одан әрі оқу орнының басшысы жалпы оқушылар алдында заманауи технологияларды оқыту, жақын және алыс шетелдердің жетекші ІТ-университеттері мен компанияларында тәжірибелер мен тағылымдамалардан өту, ең озық бағдарламалар мен технологиялармен жұмыс істеу үшін кең мүмкіндіктер ашылатынын қосты.

Айта кетейік, Ақмола облысында 552 жалпы білім беретін мектепте 130 мыңнан астам оқушы, оның ішінде 14 мыңнан астам бірінші сынып оқушысы жаңа оқу жылын бастады.

Құрылтайшы меншік иесі:
ЖШС «Нұр-Аяужан»
Б. Шайзада
Бас редактор:
Ботагөз Сембайқызы

Мекен-жайы:
Ақмола облысы,
Қорғалжын ауылы,
Досымсейіт Отарбеков
көшесі 9,
тел: +77756709906
+77026437002

Газет
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және Ақпарат
министрлігі
Ақпарат және Мұрағат
комитетінде тіркеліп,
№12797-Г куәлік алған
(01.06.2012)

Газет «Нұр-Қорғалжын»
«Нұр-Аяужан» ЖШС
редакциясында теріліп жиналды,
«Медиа-холдинг ERNUR» ЖШС
Астана қ-сы, Сілеті к-сі 30,
Тапсырыс № 647
Таралымы 600 дана
Аптаның әр бейсенбі
күндері шығады

Автордың пікірі редакцияның
көз-қарасын білдірмейді.

Қол жазба рецензияланбайды
және авторға қайтарылмайды

Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес

Ұсынылған материалдардағы фактілер
үшін автор жауап береді

Интернеттен алынған ақпараттар
басқа автор атынан жарияланбайды.